

FTAXP: 04.41.41

10.51889/2959-6270.2024.85.1.003

Г.Б. Калиева^{1 *}, А.Б. Абаган¹, С. Мионг¹

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: gulden.qali@gmail.com *

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ОРТА АЗИЯЛЫҚ ЗАҢСЫЗ ЕҢБЕК МИГРАНТТАР МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

2007 жылдан бастап Кореяда Орта Азиядан келген еңбек мигранттарының, оның ішінде заңсыз иммигранттардың саны күрт есті. Қазақстанды қоспағанда, Өзбекстан мен Қыргызстан азаматтарына Кореяда заңды түрде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін EPS (Employment Permit System) бағдарламасы ұсынылды. Корей үкіметі тарапынан ұсынылған ресми еңбек етуге мүмкіндік беретін бағдарламаның барына қарамастан заңсыз иммигранттар саны өсуде. Заңсыз мигранттар арасында тұрақсыз жалақы мен шамадан тыс ауыр, әрі қауіпті еңбекпен айналысуға тәуекел жасауы, медициналық сақтандырудың болмауынан амбулаториялық көмекке жүгінбеуі, еңбек мигранттары құқықтарының бұзылуы сияқты бірқатар себептер бар. Бұл Корея Республикасында заңсыз еңбек етушілер мәселесін әлеуметтік деңгейге дейін көтеріп отыр. Зерттеу нәтижелері аталған мәселелерді шешу үшін мұдделі елдер арасында келісімге немесе институционалдық шараларға жүгіну керек екенін көрсетеді. Әлеуметтік маңызы бар мәселе аталмыш мақалада қарастырылады. Ғылыми жұмысты жазу барысында әлеуметтік желілердегі жаңалықтар негізге алынып, Кореядың заңсыз жұмыс істейтін Орта Азиялық еңбек мигранттарының сұхбаттары талданды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Оңтүстік Корея, заңсыз еңбек мигранттар.

G.B. Kaliyeva^{1 *}, A.B. Abagan¹, Myong Soon-ok¹

¹ Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

THE PROBLEM OF ILLEGAL LABOR MIGRANTS FROM CENTRAL ASIA IN SOUTH KOREA

Abstract

Since 2007, the number of labor migrants, including illegals, from Central Asia has risen sharply in Korea. There is an EPS (Employment Permit System) program that supports people coming from Uzbekistan and Kyrgyzstan, excluding Kazakhstan, to work as legal workers in Korea, but it has not worked suitably. Illegal workers are not only recognized as a social problem in Korea, but they suffer disadvantages in wages and working hours under illegal employment, and violations of their basic rights due to risks to the working environment and difficult access to health care. This study reveals of the problems of illegal labor migrants from Central Asia in South Korea by analyzing media news, articles on social networks, and interviews with Central Asian migrant workers. The results of the study suggest that there should be a urgent need for an agreement or institutional measures between the countries concerned to solve these problems.

Keywords: Central Asia, South Korea, illegal migrant workers.

Калиева Г.Б.¹*, Абаган А.Б.¹, Мионг С.¹

¹ Казахский национальный университет им.Аль-Фараби
г.Алматы, Республика Казахстан

ПРОБЛЕМА НЕЛЕГАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ МИГРАНТОВ ИЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ЮЖНОЙ КОРЕЕ

Аннотация

С 2007 года в Корее резко возросло число трудовых мигрантов, в том числе нелегалов, из Центральной Азии. Существует программа EPS (Employment Permit System), которая поддерживает людей, приезжающих из Узбекистана и Кыргызстана, за исключением Казахстана, для работы в качестве легальных работников в Корее, но она не сработала должным образом. Нелегальные работники не только признаны социальной проблемой в Корее, но и страдают от невыгодной заработной платы и продолжительности рабочего дня при нелегальной занятости, а также от нарушений их основных прав из-за рисков для рабочей среды и затрудненного доступа к медицинскому обслуживанию. Таким образом, в этой научной статье были затронуты проблемы нелегальных трудовых мигрантов из Центральной Азии в Южной Корее. В ходе написания научной работы были проанализированы новости, опубликованные в социальных сетях, интервью с центральноазиатскими трудовыми мигрантами, незаконно трудящимися в Корее. Результаты исследования свидетельствуют о том, что должна существовать настоятельная необходимость в соглашении или институциональных мерах между заинтересованными странами для решения этих проблем.

Ключевые слова: Центральная Азия, Южная Корея, нелегальные трудовые мигранты.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақалада Орталық Азиядан Онтүстік Кореяға заңсыз еңбек миграциясы мәселесі қарастырылып, осы құбылыстың әртүрлі аспекттеріне баса назар аударылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – заңсыз мигранттардың визалық мәселелерін, медициналық көмекке қолжетімділігін және жалақы деңгейін талдау. Зерттеу сонымен қатар Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан азаматтарына ерекше назар аудара отырып, Орталық Азияның әртүрлі елдерінен келген заңсыз мигранттар санының өсу динамикасын, сондай-ақ EPS (Еңбекке рұқсат беру жүйесі) бағдарламасының тиімділігін және оның әсерін зерттейді. Зерттеу әдістемесі заңсыз мигранттармен сұхбат, әлеуметтік желі деректері мен БАҚ жарияланымдарын талдау, сондай-ақ Корея Республикасы Сыртқы істер министрлігімен қатар Еңбек министрлігінің статистикалық деректері мен реєсми басылымдары сияқты сапалы әдістерді қолдануды қамтиды. Зерттеу нәтижелері заңсыз көші-қонмен байланысты негізгі проблемаларды анықтауға, сондай-ақ оларды еңсерудің ықтимал шешімдері мен шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Мақаланың талқылауы мен қорытындылары заңсыз көші-қон проблемасын шешу үшін елдер арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын және еңбек жағдайларын жақсарту және мигранттардың құқықтарын қорғау шараларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Орталық Азияның әртүрлі елдерінің азаматтары үшін визалық проблемаларды талдауды, азаматтардың аймақтан Кореяға көшу себептері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ визасыз режимнің заңсыз көші-қон динамикасына әсерін қарастыруды қамтиды.

КІРІСПЕ

Корея Республикасының келешектегі жағдайына болжам жасай отыра, елде жұмыссыздар мен еңбекке жарамды халықтың пайыздық көрсеткішінің азаятындығын ILO (International Labor Organization) ғылыми сараптама жасай отырып алға тартты. MOEL (Ministry of

Employment and Labor) Корея Республикасының Еңбек министрлігі құрылыш саласындағы үлкен еңбек тапшылығының барын баяндамасында көрсетіп отыр [1]. Кореяда жұмыс істеуге белсенді халық шамамен 60 пайызды құрап, бұл көрсеткіш корей халқының 25 миллионға жуығы жұмыс істеу керектігін білдіреді. Халықтың жарты пайызы ғана еңбекке жарамды болғандықтан, экономикалық өсімнің пайыздық көрсеткішін сақтау үшін сырттан еңбек күшіне мұқтаждық байқалады. Оңтүстік Корея Республикасына шет елден келіп, еңбек етушілер қатары күн сайын өсті. Әсіресе, заңсыз еңбек мигранттарының ерекше көбеюі Кореядағы әлеуметтік мәселенің ушығуына себеп болып отыр. Оңтүстік Кореяның 2018 жылғы Әділет министрлігінің хабарламасына сәйкес, елдегі заңсыз еңбек мигранттарының саны 355 126 адамды құраған [2]. Бұл көрсеткіште, Тайланд, Қытай, Вьетнам, Монголия, Филиппин, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан азаматтары көш бастап тұр. Елдегі заңсыз мигранттардың мәселесі тек Кореяның ғана емес, заңсыз еңбек етуге келетін мемлекет азаматтары үшін де әлеуметтік мәселесі ретінде қарастырылады.

Заңды жұмыс істеу құқығын иемдене алмаған мигранттар арасында адам құқыктарының қорғалмауы, әлеуметтік көмекке мұқтаждық, медициналық көмек ала алмау, заңды құқыктарының болмауынан жауапты органдардың көмегіне жүргіне алмау сынды мәселелер туындаиды. Бұл еңбек мигранттарының заңды еңбек етуге мүмкіндік беретін бағдарлама мен мемлекеттік тараптың қолдауын қажет ететін көрсетеді. Қос мемлекет арасында еңбек келісімдерінің орнатылып, жұмыс визасының қажеттілігінің жоғары екендігін дәлелдейді. Медициналық сақтандыру сынды өзге де құжаттарының болмауы себебінен, мигранттар арнайы мемлекеттік көмекке қол жеткізе алмайтындығы жи кездесетін әлеуметтік мәселенің біріне айналған. Бұгінде Кореяда еңбек ететін мигранттар арасында денсаулық мәселелері мен жұмыста орын алатын жазатайым оқиғалар көп тіркелген. Осыған орай жақында орын алған оқиғаның біріне тоқталып өтейік. Оңтүстік Кореядағы Кануондо провинциясының Яңяң қаласында заңсыз еңбек етіп жүрген қазақстандық мигрант Әли, 2020 жылы өзі тұрып жатқан жатақханадан өрт шыққандығын сезіп, өз басына қатер төніп тұрганына қарамастан 10 корейлік азаматтың құтқарып қалған [3]. Корей азаматтарын өлімнен арашалап, өз өмірін қатерге тіккен азаматымыздың денесін күйік шалып, жағдайы нашарлағанына қарамастан заңсыз еңбек етіп жүргендігін еске алып, ауруханаға бармай, бірден оқиға орнынан кетуге мәжбүр болған. Бұл заңсыз жұмыс істеп жүріп, жазатайым жағдайға душар болған азаматтардың медициналық көмек алудан жалтарынуының бірден бір дәлелі. Оқиға жайлы корей ақпараттық сайттары жарыса жаза, арнайы жаңалықтар мен корей теле бағдарламаларынан да көрсеткен еді. Алайда, отқа оранған жатақхана тұруға жарамсыз болып, аялдайтын жері де болмай, медициналық сақтандыруының болмауынан да медициналық көмекке жүгінбей, жасаған ерлігіне қарамастан жасырынуға мәжбүр болған. Оның ерекше қаһармандық ісін байқап, көз жұма қарай алмаған жергілікті 3500 тұрғын петиция жинап, үкімет органдарынан мәселесін қарастыруды талап етеді. Заңды құжаты жоқ қазақстандық азаматтың ісіне кешірім жасап, әрі арнайы визаның берілуіне өтініш жазып, ауруханада ем алуына қаржы жинап берген. Қазақстандық азаматтың ерлігін жоғары бағалаған Корея Республикасы оған елде тұруға ықтиярхатта ұсынды [4].

Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан азаматтарынан бөлек, Оңтүстік Кореяда Тәжікстан азаматтарының алғашқы ағымы пайда бола бастады. Бұл жайлы автор Алимшох Мехрзода «Asia-Plus» журналының 2022 жылдың қазан айының 18 жүлдезінде баяндамасында хабарлаған еді [5]. Баяндамада сұхбат беруші тәжік азаматшасы Сурая Бобоназарова, әуелі Ресей азаматтығын алып Кореяға турист ретінде барғанында бірден жұмыс тауып 3 жыл қатарынан еңбек еткен. Осы уақыт аралығында, Сурая Бобоназарова сырттан келген мигранттар, әсіресе ауыл шаруашылығы, зауыт, құрылыш компаниюларында, ал әйел азаматшалар көбіне тазалық жұмыстарымен айналысадының айтты. Алғашқы кездे Сурая 80000 вон көлемінде енбекақы алса, уақыт өткен сайын үстемәкі қосыла, тапқан нәпақасын отбасына көмек ретінде, сондай-ақ жеке қажеттіліктеріне жұмсаған. Бұгінде Орталық Азия елдері ішінде Өзбекстан мен Қырғызстан азаматтары еліндегі экономикалық жағдайларға байланысты Оңтүстік Кореяға жұмыс істеуге ниет білдіріп отыр [6].

Олар жас ерекшеліктеріне қарамастан, отбасылық қажеттіліктерінің орнын толтыру үшін ауыр жұмыс жасауға келісе береді. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының шет елге еңбек ету мақсатында жиі баратындығын ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевта жоққа шығармай, алдағы уақытта оларды заңды түрде еңбек ету құқығына ие бола алатында жағдайдың жасалынуы керек екендігін айттып өткен. Қазақстандық азаматтардың шетелде жоғары білікті талап етілетін салаларда ғана жұмыс істемейтіндігін, олардың көшілігі қарапайым қызмет көрсету саласында жүргендігін ашып айтты. Сонымен қатар, жоғары төлемеңдік байланысты, өз елдерінде орындауға келіспейтін ауыр жұмыс түріне келісе беретіндігін тағы да қосып өтті. Мұндай жағдайлар бүтінде жұмысшылар арасында жиі кездесетіндігін, еңбек қатынастары ресми түрде реттелмейтіндігін көрсеткен еді. Заңсыз еңбек қатынастарында үнемі әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық қызындықтар туындастырылып да атап өткен болатын [7].

Корей үкіметі мемлекеттегі заңды құжаты жоқ еңбек мигранттарын елден азайту аясында «ашық есік» саясатын жиі жүргізеді. Елдегі еңбек мигранттарының заң бұзушылық әрекеттеріне кешірім жасап, айыппұлдан босатады. Түрлі жеңілдіктерді жасау арқылы Кореядағы заңсыз еңбек мигранттарын елден өз еріктерімен шығуды ұсынады. Өткен жылы Оңтүстік Корея Республикасының Әділет министрлігінің шығарған қаулысына сәйкес, 2022 жылдың 7 қарашасынан бастап 2023 жылдың 28 ақпан арасында елде жүрген заңсыз мигранттар өз отанына қайтуына болатындығын, егер көрсетілген уақыт арасында елден шықпаса, оларға үкімет арнайы қаулы қарастырмақ екендігін жеткізді. Көрсетілген мерзім арасында өз еркімен елден шыққан мигранттарға ешқандай жаза қолданбай, олардың заңсыз әрекеттері кешірілетіндігін тағы баяндады [8]. Аталмыш қаулы құшіне ене сала, елдегі заңсыз мигранттар іздестіріліп, текстеріс жұмыстары басталған. Бұған дәлел ретінде, қараша айында қаулы құшіне ене сала араға көп уақыт салмай, Кореяда заңсыз жұмыс жасайтын қазақстандық азаматтар әлеуметтік желідегі «Qazaq alliance in Korea» парақшасында рейд жұмыстары қүшейтіліп, текстеріс үстінде ұсталып қалғандарын хабарлаған [9].

Зерттеудің мақсаты – Оңтүстік Кореядағы Орта Азиялық заңсыз еңбек мигранттарының әлеуметтік мәселелерін анықтап, анализ жасау. Заңды құжаты жоқ мигранттар арасында нақты қандай әлеуметтік мәселелердің кездесетіндігін анықтау мақсатында, ғылыми мақалалар, әлеуметтік желі, БАҚ ақпарат көздері мен мигранттардан алынған сұхбаттар легіне анықтама беру. Заңсыз мигранттар мәселесін шешудегі мемлекет басшылары мен жоғары лауазымды тұлғалардың шығарған үкімдерімен, олардың мәселесін шешу жолдарын қолға алу сынды әрекеттеріне талдау жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Заңсыз мигранттардың арасында үнемі кездесетін виза, медицина және еңбекақы сынды мәселелерді түсіндіру. Мигранттар құқықтарының қорғалуын бағалаумен қатар, елге заңсыз бару жолдары мен жұмысқа орналасу сынды әдіс-тәсілдерін көрсету. Аталмыш мәселені шешу мақсатында екі елдің мемлекет басшылары мен жоғары үкіметтік органдардың қаулысы мен идеяларын сараптау.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеу әдістемесі деректерді жинау мен талдаудың сапалы әдістерін қолдануды қамтиды. Зерттеу аясында Орталық Азиядан келген заңды құжаты жоқ мигранттар, оның ішінде Өзбекстан, Қазақстан, Қыргызстан және аймақтың басқа да елдерінің азаматтарымен анонимді сұхбат жүргізілді. Сұхбат әртүрлі жерлерде, соның ішінде көші-қон орталықтарында, қоғамдық орындарда және онлайн-коммуникациялық платформалар арқылы жүргізілді.

Сонымен қатар, талдау үшін әлеуметтік желілер мен Telegram, Instagram және TikTok сияқты медиа-басылымдардың деректері пайдаланылды. Бұл бірінші қолмен ақпарат алуға және заңсыз мигранттардың пікірлері мен тәжірибесін тікелей көздерден бағалауға мүмкіндік берді. Қосымша деректер Корея Республикасының Сыртқы істер министрлігі Орталық Азияның әртүрлі елдерінде жүргізген мақалалары мен сұхбаттарынан алынды. Бұл деректер

кореялық шенеуніктердің заңсыз көші-қон мәселесіне қатысты ұстанымын және осы құбылысқа байланысты проблемаларды түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында заңсыз мигранттар санының өсу динамикасына талдау жасалды, сонымен катар Орталық Азияның әртүрлі елдерінен азаматтардың Оңтүстік Кореяга көшуінің негізгі себептері анықталды. Талдау осы құбылысқа әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды ескере отырып жүргізілді.

Осы әдістердің барлығы Орталық Азиядан Оңтүстік Кореяға заңсыз еңбек көші-қоны мәселесін жан-жақты түсінуге және одан әрі зерттеу мен шешуді қажет ететін негізгі аспекттерді анықтауға мүмкіндік берді.

Оңтүстік Кореядағы Орта Азиялық заңсыз мигранттар мәселесін зерттеу үшін БАҚ бетіндегі сұхбат пен өз тарапымыздан жүргізген сұхбат, әлеуметтік желідегі және БАҚ басылымдарындағы ақпараттарға негізделіп, сараптама жүргіздік. Өз тарапымыздан сұхбатты анонимді түрде 15.09.2022 - 20.07.2023 аралығында 25-29 жастағы бір өзбекстандық және жеті қазақстандық азаматынан алынды. 2023 жылдың қараша айында Оңтүстік Кореядағы Ансан қаласында мигранттармен кездесу арқылы, анонимды сұхбаттар алынды. Сұхбат өзбекстандық, қазақстандық, қытайлық және этникалық корей азаматтарымен жүргізілді. Ансан қаласындағы жергілікті миграциялық орталық пен катар, полиция қызметкерлерінен де сұрақтар алынды. Сондай-ақ, зерттеу үшін Оңтүстік Кореяда заңсыз иммигрант ретінде кемінде 3 жылдан 5 жылға дейін тәжірибесі бар адамдар жүктеген телеграм, инстаграм, тикток сияқты танымал әлеуметтік желілердегі сұхбат мақалалары мен хабарламалары пайдаланылды. Сеул қаласында орналасқан «Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы елшілігінде» болып, жауапты хатшымен кездесу ұйымдастырылып, тақырып аясында сұхбаттар алынды. Жауапты өкілдерден алынған сұхбаттар мен кездесулер және мигранттар шоғарланған мекендердегі жағдайларды тікелей көзben көре отыра, ақпараттар жинау, ғылыми зерттеу жұмысына үлкен серпіліс берді. Зерттеу барысында Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Қазақстандағы Корея Республикасының Сыртқы істер министрлігінің заңсыз мигранттар жайлы, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың дискурстары мен сұхбат мақалалары талданды. Бұл деректер Кореядағы заңсыз иммигранттар арасында кездесетін қындықтармен әлеуметтік мәселелерге, әрбір мұдделі елдің қарсы шара қолдану керек екендігін көрсетеді.

Зерттеу әдістемесі Орталық Азиядан Оңтүстік Кореяға заңсыз еңбек миграциясы мәселесін төрөн түсінуге бағытталған деректерді жинау және талдаудың сапалы әдістерін қолдануды қамтиды. Осы зерттеу аясында Орталық Азияның әртүрлі елдерінен келген заңсыз мигранттармен, соның ішінде Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, сондай-ақ аймақтың басқа да елдерінің азаматтарымен анонимді сұхбаттар жүргізілді. Сұхбат жеке және онлайн байланыс платформалары арқылы, сондай-ақ көші-қон орталықтары мен қоғамдық орындар сияқты әртүрлі жерлерде жүргізілді.

Қосымша деректер көздеріне құжатсыз мигранттардың алғашқы түсініктері мен пікірлерін беретін әлеуметтік желілер мен БАҚ жарияланымдарынан алынған ақпарат кірді. Сонымен катар, Кореяның заңсыз көші-қон мәселелері бойынша ресми ұстанымын түсіну үшін Орталық Азияның әртүрлі елдерінде Корея Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізген мақалалар мен сұхбаттар талданды.

Талдау көптеген факторларды, соның ішінде заңсыз көші-қон проблемасына әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси аспекттерді ескере отырып жүргізілді. Мәліметтерді жинаудың әртүрлі әдістерін қолдану арқылы мәселе туралы кең түсінік алуға, миграцияның негізгі факторлары мен себептерін анықтауға және мәселені шешудің ықтимал жолдарын анықтауға мүмкіндік туды.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛДАУЛАР

Зерттеу жұмысының негізгі бөлімі үш категориялық нәтижеден тұрады. Бірінші категория жалпы заңсыз иммигранттар арасындағы виза мәселелерін қамтиды. Екінші категорияда

олардың арасында үнемі орын алатын қолжетімді медицинаның мүмкін болмауы, яғни медициналық сақтандыру құжаттарының жоқтығы басты негізге алынады. Соңғы категория бойынша еңбекақы мәселелеріне талдау жасалынды. Оңтүстік Кореяға Орта Азия мемлекеттерінен жұмысқа барушы еңбек мигранттар арасында визага қатысты түрлі мәселелер орын алады. Визасыз режимді пайдаланып елге еңбекақы табу үшін баратындар қатары ұлғайған. Сол себепті бұл мәселе бірнеше әлеуметтік мәселелердің екі ел арасында ушыгуына әкеліп соқты. Оңтүстік Корея Әділет министрлігінің 2018 жылғы статистикасы Өзбекстан мен Қазақстан азаматтары арасында заңсыз мигранттардың ескендігі жайлы хабарлады [10]. Алайда, Оңтүстік Корея үкіметі шет елдік азаматтарды еңбекке тарту мен оларды заңдастыру мақсатында 2003 жылы EPS (Employment Permit System) атты бағдарламасын іске қоскан. Бұл бағдарлама арқылы Қыргызстан мен Өзбекстан азаматтары заңды еңбек ету құқығына ие. Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасында еңбек келісімдері орнатылмағандықтан, қазақстан азаматтарына заңды еңбек ету мүмкіндіктері қарастырылмаған. Алайда Корея үкіметі шет елдік жұмысшыларға арнайы бағдарламаларды енгізгенімен заңсыз еңбек етушілер қатары әлі де көбейіп отыр. Әлеуметтік желіде қазақстандықтар аталмыш еңбек келісімдерінің Кореямен орнатылғандығын қалайтындықтарын жеткізген болатын. Бағдарламаның ерекшелігіне тоқталар болсақ, EPS бағдарламасы аясында жұмысқа барғандарға арнайы Е9 визасы беріледі. Осы виза төнірегінде шамамен 3 жыл қатарынан жұмыс жасауға болады. Виза арнайы біліктілікті талап етпейтін жұмыс түрлеріне арналған. Е9 визасын қолданушылар виза уақыты аяқтала сала 1 жыл 10 айға дейін создыру мүмкіндігіне ие, сондай-ақ TOPIK (Test of Proficiency in Korean) корей тілін білетіндігін растайтын емтиханды тапсыру міндеті жүктеледі. Жұмыс орны қанағаттандырмада оны ауыстыру құқығына ие болады. Жұмысшының құқықтары қорғалып, жұмыс беруші компания тараپынан медициналық сақтандырулары толық қамтамасыз етіледі. Е9 визасын қолдануға мүмкіндік алғандар саны 241554 жетсе, Орталық Азия азаматтары арасында бұл виза түрін қолданушылар саны өте аз. Бұл көрсеткіш тек заңды түрде еңбек атқарушылардың қолданыстағы визалары жайлы болса, бүгінгі таңда мұнданай бағдарламалар төнірегінде заңды жұмысқа барушылар саны заңсыз мигранттардан аз. Өзбекстан азаматтарының 10 пайызынан астамы шет елдерде жұмыс жасаса, олардың басым бөлігі Оңтүстік Кореяда шоғырланған. Нақтырақ айтсақ, Өзбекстан мемлекетінің 75000 аса азаматы Кореяда жұмыс жасайды [11]. Бұл көрсеткіштің ішінде қанша адамның заңсыз түрде жұмыс жасап жатқаны белгісіз. Орталық Азияның өкілі ретінде Кореяда заңсыз жұмыс істеп жатқан еңбек мигранттарының арасынан Өзбекстан көш бастап тұр. Оңтүстік Корея еңбек министрлігінің шенеунігі Пак Чонгил мырзаның 2014 жылы өзбекстандық «Озодлик» радиосына берген сұхбатында, Кореядагы өзбекстандық азаматтардың заң бұзушылыққа бару әрекеттерінің көбеюі мемлекетке үлкен қындық туғызып, екі ел арасындағы қарым-қатынасқа кері әсер тигізуі мүмкін екендігін алға тартқан. Сондай-ақ жоғарыда атап өткеніміздей виза мерзімі өтсе де жасырын еңбек етуін жалғастыратынын баса назарға алған. Корея үкіметі бұл мәселеден хабардар болып отыrsa да, әлі нақты оңтайлы шешімді қарастыра алмай жатқанында айтып отыр [12]. Бұл ретте, Қыргызстан Республикасының мәліметтіне сәйкес, Кореядагы қыргыз азаматтарының 30% дан астамы заңсыз еңбек етеді. Бүгінде Қыргызстаннан бес мыңға жуық адам еңбек етті десек, олардың әрбір үшеуі заңсыз қызмет жасап жүргендер [13]. Заңды еңбек етуге мүмкіндік беретін келісімдердің болуына қарамастан, заңсыз еңбекке келуші мигранттардың көбеюі, Қыргызстан мен Корея арасындағы келісімдердің талапқа сәйкес орындалмай жатқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, соңғы уақытта Кореяда қыргызстандық заңды құжаты жоқ еңбек мигранттарының толассыз көбеюі, қыргыз азаматтарына жалпы Кореяға келуге арналған басқа да виза түрлерін алуды күрделендірген. Туристік визаны былай қоя тұра, медициналық визаның өзіне қол жеткізу мүмкін болмай тұр. Оған қоса, соңғы

уақытта Тәжікстаннан барушы еңбек мигранттарының қатарының ұлғайып бара жатқанын тағы еске алу керек [14].

БАҚ пен әлеуметтік желідегі заңды құжаты жоқ мигранттардың берген сұхбаттарын қарастыра келе, Қыргызстан мен Өзбекстан, Тәжікстан азаматтарының Оңтүстік Кореяға жұмысқа келуінің себептері келесідей: төмен жалақы, болашағына сенімсіздікпен қарау, жұмыс тапшылығы, арзан жұмыс күші, отбасылық құндылықтардың жетіспеушілігі, пәтер-акы, көлік және жеке көсіп ашы.

Қазақстандық азаматтарымыз визасыз режим немесе туристік виза арқылы Кореяға келіп, кейін заңсыз мигранттардың қатарын толтыру қалыпты жағдайға айналған. 2014 жылы Корея мен Қазақстан арасындағы визасыз режим арқылы Кореяға келіп, кейін жұмыс істеп кеткен жастар саны ұлғая бастағаны туралы «Хабар 24 агенттігінің» ғаламтордағы сайтында жазылған. Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасында 2014 жылға дейін қалыпты виза режимі бойынша Кореядағы қазақстандық мигранттар саны 359 болса, 2014 жылы визасыз режимнің орнауынан кейін бұл сан 2018 жылы 11 413 жеткен. Ал бүгінгі таңда Кореяда заңсыз жұмыс жасаған 13000 жуық қазақстандықтардың жургені белгілі болып отыр. Ал жалпы статистика бойынша, Қытай мен Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен барушы заңсыз мигранттармен салыстарғанда, Қазақстаннан еңбек етуге барушылар саны аз [15]. Алайда, қазақстандықтар тай, қытай, вьетнам, монгол және филиппиндерден кейінгі алтыншы орынға жайғасқанын келесі көрсеткіштен көрсек болады:

Кесте 1. 2014-2018 жыл арасында Оңтүстік Кореяда тіркелген заңсыз еңбек етуши мигранттар

	2014	2015	2016	2017	2018	% of the total population
Total number	208,778	214,168	208,971	251,04	355,126	100%
Thailand	44,283	52,519	56,099	68,449	138,591	39.0%
China	70,311	67,333	55,831	62,827	71,070	20.0 %
Vietnam	26,932	26,563	27,862	31,691	42,056	11.8%
Mongolia	7,409	8,274	10,146	12,719	15,919	4.5%
Philipines	12,814	12,358	11,295	11,954	13,020	3.7%
Kazakhstan	359	1,337	2,914	7,214	11,413	3.2%
Russia	1,165	1,600	3,849	8,533	10,906	3.1%
Indonesia	7,237	7,269	7,181	7,626	8,110	2.3%
Uzbekistan	4,627	4,680	4,452	5,241	6,162	1.7%
Cambodia	3,115	3,556	3,886	4,715	5,897	1.7%
Sri Lanka	4,232	4,460	4,580	4,823	5,100	1.4 %
Others	26,294	24,219	20,876	25,249	26,882	7.6%

Сілтеме: Korea immigration service statistics. Ministry of Justice, 2018 [10].

Заңды құжаты жоқ қазақстандық мигранттар, Корея мен Қазақстан арасында жұмыс визасының орнатылып, еңбекпен қамту бойынша қызмет ететін ресми орталықтардың ашылып, үкімет тарапынан қолдау алу арқылы, бұл мәселенің шешімін табуға болатынын ғаламтор беттерінде жиғайтады. Қазақстандықтар отбасылық жағдайын жақсарту, жеке кәсіптерін ашу немесе мемлекет қарыздарынан құтылу сынды түрлі әлеуметтік себептерге байланысты шет елге еңбек етуге баруға мәжбүр болады. Оңтүстік Корея Республикасында бірнеше жыл қатар еңбек етіп жүрген азаматтарымыз бар [16]. Солардың ішінде Кореяда төрт

жылдай жұмыс жасап жүрген, әлеуметтік желіде «Легендарный казах» деген атпен танымал отандасымыз аталмыш тақырыпта сұхбат берген болатын. Шын есімі Арыстанбек Кореядағы еңбек күнінің қалай өтетіндігі, қандай жұмыстар атқарып, қашшалықты табыс табатындығы жайлы бөліседі. Өз тәжірибесі аясында «YouTube» каналында «Легендарный казах» атты есіммен блогтар түсіріп, халықпен бөліседі. Арыстанбек біздің тақырып аясында кішігірім сұхбат беріп, «YouTube» және әлеуметтік желідегі посттарына толықтай қол жетімділікке рұқсат беріп, сілтеме көрсетуімізді сұрады. Сұхбат аясында қозғалған тақырыпқа тоқталып өткіміз келеді. Азаматтың айтуынша, 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап, Кореяның кедендей одағында тексеріс әжептәуір күшейген. Тексерістің күшейтілуіне себеп, соңғы уақытта бұл мемлекеттегі заңды құжаты жок еңбек мигранттарының көбеюімен байланысатындығын ашып айтты. Сұхбатасымыздың сөзіне сүйенер болсақ, «Ең бірінші орында құжат мерзімінің өтпеуі немесе құжат мерзімінің аяқталуына кемінде байдан кем болмауына назар аудару. Елден шығуға шектеудің болмауы, яғни мемлекетке көп мөлшерде қарыз немесе басқада айыппұлдың түрлерінен таза болу маңызды. Келесі этап (K-ETA) Korea Electronic Travel Authorization рұқсат қағазы, 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Кореяға келуші туристер электронды түрде онлайн өтініш жіберіп, кореялық тараптан рұқсатнама қағаз алып қана елге кіре алады. Бұл құжаттың құны шамамен он доллар, сондай-ақ, туристік визаға ие болғандар міндетті түрде алдын ала қонақ үйді брондауы керек. Себебі, Кореяны саяхаттау мақсатында келуші адамдар, нақты турист екендіктерін барынша дәлелдеуі туіс. Кедендей одақта Кореяға келген туристерден әуелі қонақ үй мен тұратын мекен-жайлары міндетті түрде сұралады. Жұмысқа келуші мигранттар қонақ үйге тегін брон жасаса да, Кореяға келген соң қонақ үйден өтінімін қайтарып алудың болады. Соңғы қадамы кедендей одақта қойылатын сұрақтарға дұрыс жауап беру, яғни Корея жайлы ақпараттар мен туристер баратын орындарды білу азбал», – деп жауап беріп, Кореяға келудің әдіс-тәсілдерін сұхбатында ашып айтты. Сонымен қатар, өзінің әлеуметтік желідегі және «YouTube» каналындағы блогымен бөлісіп, сілтеме берді. Онда азамат, Кореяда еңбек ету арқылы қаржы мәселесін шешкендігін айтты. Отбасына және жақындарына да көмек қолын соза алғандығымен бөлісіп кетті. Осы уақытқа дейін зауытта, фабрикада, құрылыста және жұқ тасу сынды кез келген жұмысқа төзімділік танытып, адал еңбекпен ақша тапқан. Тіптен, Кореяға еңбекке келуге дайындалып жүргендер мен осында жұмыс істеп жүрген азаматтарындың алайқтарға алданып қалмауы үшін барынша көмек көрсеткендігін айтады. Кореядағы еңбек табысы мен қатар шығатын шығындарға да баға беріп кетті. Бір күнде 220.000 вон (корей ақшасы) тауып, 23 күнде 5.060.000 вонға дейін табатындығын айтты. Қазақстан ақшасына айналдырғанда айна, 1.500.000 теңге шамасында табатындығын раставды. Ай сайынғы пәтерақы 700.000 вон, 150.000 вон коммуналдық төлемге, 1.500.000 вон тамактану, азық түлік пен басқа да қажеттіліктерге кетсе, 500.000 вон баламның керекті тамағы мен жөргектер кетеді дейді. Қазақстандағы депозитіме 700.000 вон құмын, сонда қолыма артық 857.000 вон түседі, қазақстандық теңгемен шамамен 350.000 дейді. Деседе, елімізде де пәтерақының қымбаттауы мен кететін шығындарды есептесек, онда өз қажеттіліктеріңе және депозитке қаражат жинай алмайтын едік деп тарқатты. Ал мұнда, жұбайы және кішкене баласымен тұрып жатқандықтан шығын әжептәуір көп шықса да, Кореяда еркін тұрып, орташа өмір сүруге және Қазақстанға инвестиция қынға жақсы мүмкіндік екенін алға тартты. «Өсіреле, бойдақ, отбасын құрмاغандар үшін Корея ақша табуға қолайлы мекен. Мен Кореяда отбасын құрмас бұрын әр күн сайын 100-150\$ көлемінде қаражат таптым. Отбасынмен және кішкентай баламен тұрудың да қыындықтары бар, дегенмен болашақ мақсатқа жету үшін финанс тұргысында көмек керек. Осы мақсатта Кореяда еңбек етуіміздің де өз себебі бар. Кореяда еңбек ететін мигранттарының үшін қаражат тауып, Қазақстанға инвестиция қынға керек. Сол үшін шекара асып, шет елде еңбек етуге келеміз. Бірақ, қос мемлекет арасында еңбек келісімі орнап, қазақтар еңбек ету құқысына ие болса онда тұракты жұмыссымыз, құқығымыз болар еді», деп тарқатты Арыстанбек [17].

Виза мәселесінің қындығына қарамастан Кореяға еңбек етуге барушылар қатары жылдан жылға өсуде. Корея үкіметі заңсыз мигранттар қатарын азайту мақсатында кейбір елдерге арнайы бағдарламаларды іске қосса да, оның нәтижесіз болғандығын байқаймыз. Орталық Азия бойынша тек санаулы мемлекеттерге Кореяда заңды еңбек етуге рұқсат етілген. Визасыз режимді пайдаланып, турист мақсатында барып, артынша тиісті уақытта отандарына оралмай елде қалушылардың үлғаюы екі ел арасындағы үлкен мәселеге айналып отыр. Заңсыз еңбек етушілердің жеке құқықтарының қоргалу төмендігі жиі орын алатын жағдай. Нактырақ айтар болсақ, медициналық сақтандыруы жоқ заңсыз мигранттар амбулаториялық көмек ала алмайды. Ауыр жұмыстан кейін денсаулықтары сыр берсе де жұмыстарын жалғастыруға мәжбүр екендіктерін айтып жатқан мигранттар жетерлік. «Неліктен өзбек пен қыргыз азаматтары Корея Республикасына еңбек мигранты тұрғысында заңды түрде бара алады да, ал қазақстандықтарға ондай жағдай қарастырылмаған, тіптен Өзбекстан мұндай келісімді 2004 жылдары аясында жасаса, одан бері қанша уақыт өтті» [18] – деген ойларын айтып жатқан қазақстандықтар сан мындаған. Оларда арнайы заңды бағдарлама мен келісімнің болмауына орай заңсыз қызмет етуден бөлек денсаулық мәселелеріне де жауапкершілікпен қарап, қажетті көмекті ала алмайтындықтарын алға тартты. Мигранттар арасында қаза болған шет ел азаматын отанына қайтару барысында болатын мәселелер жиі орын алғып жатады, осы сынды өзекті оқиғалар бүгінде Орталық Азиядан келген заңсыз еңбек мигранттар арасында жиі таралуда. Атальыш мәселеге дәлел ретінде медициналық жәрдемге мұқтаж болған 75 жұбық қазақстандықты айтуға болады [19]. Олардың денсаулық жағдайларының ушығуына байланысты көз жұмғандығын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде айтылды. 2019 жылғы ҚР СІМ Айбек Смадияровтың мәлімдемесіне сәйкес тағы 7 адам ауыр жұмысты көтере алмай көз жұмған. Ауыр еңбек күшіне шыдай алмаған небәрі 30-40 жастағы жастардың мәйітін елге қайтару үшін кемінде 6000-7000 доллар төнірегінде өтемек жүктелендігін ескертті. Кореяда жұмыс жасап жүрген мигранттың айтуынша, олар 8 сағат бойы демалыссыз жұмыс жасайды. Әрбір екі сағат сайын тек он минуттық демалыс берілсе, бұл уақыт тынығып алу үшін жеткіліксіз. Қазақстан мигранттардың 10-15 пайзызын құрайтын әйелдер үшін мұндай жұмыс өте ауыр. Бүгінде мұндай мәселенің Кореяда кең етек алауына байланысты, заңсыз еңбек мигранттарының мәселесін тез арада шешу жолдарын қарастыруымыз керектігіне көзіміз жетті [20]. Сонымен қатар, Сеул қаласында орналасқан еліміздің елшілігінде хатшы қызметіндегі Тоққұлов Бауыржан Серіктесұлымен болған сұхбатта, Кореяда еңбек ететін қазақстандық еңбек мигранттары жайлы тақырып қозғалған болатын. Тақырып аясында, Кореядагы елшілігімізге құнделікті мындаған хаттардың келіп түсетіндігі баяндалған. Онда Қазақстан азаматтарында заңды еңбек етуге келісімдедің болмауы, визаның жоқтығынан кездесетін қындықтар, медициналық көмекке жүргіне алмау, адам құқықтарының тапталуы сынды өзекті мәселелердің орын алатындығын баяндады. Елшілік, бірнеше рет жауапты өкілдерге Корея мен Қазақстан арасында еңбек келісімдерінің орнатылуы керек екендігіне ұсыныстар жасағандығын айтып өтті. Жуық арада, Еңбек министрліктері тарапынан Қазақстандық азаматтарға жұмыс визасы берілетіндігі хабарлануы керек екендігінен үмітті екендігін жеткізді. Әрі корейлік жауапты тараптар, еліміз тарапынан ұсыныс түссе, қазақстандық азаматтармен еңбек келісімін жасауға дайын екендігін жеткізіпті.

Жоғарыда көрсетіп отырғанымыздай, заңсыз мигранттар медициналық көмекке мұқтаждықтарына қарамастан, бұл мәселеле әлі де өз шешімін таба алмай отыр. Денсаулық жағдайларының ушығуына байланысты қаза болғандар саны көп болмаса да, ауыр жаракат алғандар саны аз емес. Екі елдің мигранттар мәселесіне жауапты мемлекет қызметкерлері заңсыз иммигранттардың медициналық ахуалының ушығуына байланысты мәселені тез арада қарастыруды ұсынып отыр. Алдағы уақытта осы мәселе өзінің оңтайлы шешімін табады деген үміттеміз.

Орталық Азиядан Кореяға барушы иммигранттар материалдық жағдайын көтеру аясында, виза немесе денсаулық мәселелерінің туындауына қарамастан еңбек етуге барады. Осы тұста

мигрант атанудың себептерін бірнеше топқа боліп қарастырып көруге болады. Мигранттар арасында жиі кездесетін фактордың бірі, отбасындағы қомақты қаржының жетіспеушілігі және материалдық дағдарыс, жұмыс мүмкіндітерінің болмауы, жұмысқа орналасудағы қындықтар, жұмыс тәжірибесінің болмауы, төмен жалақы жұмыс екендігін алға тартты. Тәжікстан мен Өзбекстан келесі себептерді атап көрсетті: тұргын үй, автокөлік сатып алу, үйлену, оқу ақысын төлеу, отбасын асырау, отанда шағын бизнес ашу үшін бастапқы қаржыны жинақтау [21], [22].

Қырғызстан мен Қазақстан азаматтарына, отбасына қаржылық көмек көрсету басты позиция, сол себепті мұндай экономикалық мәселелер оларды шет елде заңсыз жұмыс істеуге итермелейді. Мәселені сараптауда, ғаламтор желісіндегі «the village» сайтының 2018 жылдарынан 4 ақпан айындағы шығарылымындағы 22 жастағы Каринаның сұхбатын сараптадық. Ол осыдан 3-4 жыл бұрын отбасылық жағдайындағы экономикалық қындықтар мен жеке кәсібін ашу мақсатында Кореяда шамамен бір жылдан аса көлемде жұмыс жасау арқылы аптасына 350-520 доллар көлемінде пайда тапқандығын айтты. «Арнайы косметика шығаратын және қорап жинайтын фабрикада жұмыс жасау өзім ойлағаннан да күрделі болды. Соған қарамастан табыс көзінің жоғары болуы осы елде ұзақ уақытқа қалып, қомақты ақша жинауыма себепкер болды». Сонымен қатар, 24 жастағы тағы бір сұхбаттасымыз зауытта жұмыс жасап күніне 100 доллар көлемінде ақша тапқандығын айтты. Азық-түлік пен жататын жері тегін болып, осы жұмыста тұрақты істеп, үш жыл қатарынан жақындарына қомақты қаржымен көмектескендігін жеткізді. Болашақта ел аралап тіптен отбасын құруға да алдын ала қаржыны жинап қойғанын айттып таңқалдырыды. Кореяда жұмыс жасап жүрген сұхбаттасымыздың айтуынша, олар көбіне Сеул немесе Пусан сынды ірі қалаларда емес, адам аз шоғырланған кішігірім қалаларда жұмыс жасаудың тиімді екендігін айттып қалды. Үлкен қалада шығынның көп болуы мен қымбатшылықтың себебінен жұмысқа келуші мигранттарға ірі қалаларда еңбек ету оларға тиімсіз екендігін алға тартты. «Біз мұнда көңіл көтеру үшін емес, аз уақытта қомақты қаржы тауып, отбасының және өзіндік әлеуметтік қажеттіліктердің орнын толтыру үшін келгендердің, жақсы өтемақымен, ақшаны үнемдеуге болатын жерлерде жұмыс істеуді тиімді деп санаймыз», – деді. Жеке немесе отбасылық қаржы мәселесін шешу аясында заңсыз мигрант атану себептерін талқыла салдық. Олар әлеуметтік мәселенің туындауына қарамастан қомақты қаржы жинау үшін заңсыз еңбек ету әрекеттеріне мұқтаждық танытқандарын айтады. Жоғары еңбекақы алу аясында шетелге заңсыз жұмысқа бару себептері тікелей экономикалық жағдайларына байланысты. Алайда мұндай мәселелерді шешу мемлекет тараپынан да қарастыруды талап ететін анық [23],[24].

Көрсетілген зерттеу нәтижесі бойынша, заңсыз мигранттар виза мәселесінің қындықтары мен түрлі әлеуметтік мәселелердің орын алуына қарамастан заңсыз иммигрант атанады. Қаржы табу мен жеке бас немесе отбасылық қажеттіліктерінің орын толтыру мақсатында шет елде еңбек етуге мұқтаж. Медициналық қажеттіліктердің орын алуына қарамастан ұзақ уақыт бойы еңбек ету процесsein жалғастыруға шетелдегі жоғары еңбекақы шабыттандырады. Олардың арасында кездесетін әлеуметтік мәселелерді анықтау үшін, мемлекеттік жауапты қызметкерлердің аталмыш мәселені шешу жолдарына тоқталдық. Осылайша, әлеуметтік желі мен БАҚ ақпарат көздерінде жарияланған сұхбат-мақалалар мен авторлық сұхбаттарға сәйкес, бүгінде мұндай мәселенің институционалдық деңгейде қарастырылып, еңбек қатынастары мәселесін реттеу керектігін ұсынамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі уақытта Корея Республикасына заңсыз еңбек етуге келетін шетелдік азаматтар саны күннен күнге артуда. Орта Азия елдерінен Кореяға жұмыс істеуге барушылар саны жылдан жылға өсуде. Мәселенің нәтижесі Кореяда еңбек ететін заңды құжаты жоқ мигранттардың әлеуметтік мәселесінің ушығына себеп болып отыр. Оңтүстік Кореяда заңсыз еңбек етуші мигранттар арасында ресми жұмыс істеуге мүмкіндік беретін EPS бағдарламасы іске косылса да, оның ойлағандай жүзеге аспауы бағдарламаның саясатын қатаңдату керектігін байқатады. Сонымен бірге, заңсыз мигранттардың тікелей медициналық көмек ала алмау сынды бірнеше мәселелерге тап болатындығы талқыланды. Олар қаржылық дағдарыстан шығып,

экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында кез-келген тәуекелге баруға дайын, алайда мұндай мәселенің жалғасы екі елдің еңбек қарым-қатынасына нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті, заңсыз мигранттар тек Оңтүстік Кореядағы шешімін табуы керек әлеуметтік мәселе ретінде ғана емес, екі елдің арасында да үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Осы орайда мигранттар мәселелерінің екі жақты қарастырылып бейбіт келісімдер жолымен шешілгендіктерін қалайтындықтарын айтады. Корея Республикасы Орталық Азия елдерімен мигранттар мәселесін заңдастырып, оларды біржакты ету мақсатында арнайы шараларды қарастыруды қажетсінеді. Заңды жұмыс істеуге мүмкіндіктер ашу, заңды еңбек етуге шақыру екі ел арасында экономикалық, саяси-әлеуметтік, психологиялық, медициналық сынды бірнеше мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Мемлекет аралық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға жол ашып, заңсыз еңбек миграциясының алдын алуға көмек береді деп күтіледі. Корея Республикасында еңбек ететін мигранттар заңды еңбек ету мүмкіндіктеріне ие болудың және заңды еңбекке келудің маңыздылығының зор екендігін алға тартады. Ресми еңбек ету арқылы адам құқықтары қорғалып, медициналық сақтандыру құжатына қол жетімділік пен уақтылы жалақы мен тұрақты жұмыс орынға кепілдіктің бар екендігін алға тартады. Ресми түрде еңбек етуге мүмкіндіктердің болуына қарамастан, заңсыз еңбекке келу әлеуметтік кедергілерге душар етеді. Орта Азияда шоғырланған әрбір мемлекет, азаматтарының еңбек көші-қондағы әлеуетін іске асыру үшін және заңсыз мигранттардың ішінарада мәселелерін қарастыру мақсатында, оларға заңды түрде жұмыс істеуге болатын жағдайды жасауға қолдан келгенше көмектесуі тиіс. Үкімет осы мәселелердің барлығын зерттей отыра, шетелде заңсыз жүрген азаматтардың мәселесіне жауапты түрде қарауын қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1 *Migration profile of the Republic of Korea. The IOM Migration Research and Training Centre. January 2012. – [Network access mode]. – URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/mp_korea.pdf (Date of access: 18.10.2023).*

2 *International Migration Statistics in 2022. – [Network access mode]. – URL: <https://worldmigrationreport.iom.int/wmr-2022-interactive/> (Date of access: 20.10.2023).*

3 [전국] 불길 속 이웃 구한 알리씨 '의상자' 인정... «이달 중 영주권 신청. – [Network access mode]. - URL: <https://www.youtube.com/watch?v=vnaYcbbpkQQ> (Date of access: 19.11. 2023)

4 *chosun.com 화마서 한국인 10명 구한 불법체류자 추방 안된다" 靑 청원 잇따라 – 조선일보 – [Network access mode].- URL:https://www.chosun.com/site/data/html_dir/2020/04/21/2020042104300.html (Date of access: 19.11.2023)*

5 *Алишиох Мехрзода Работа в Корее: без патента и зарплата \$90 в день // [Электронный ресурс]. – URL: <https://asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/society/20221018/rabota-bez-patenta-i-zarplata-90-v-den> (дата обращения 21. 10. 2023).*

6 *External youth migration in Central Asian states: risk analysis and minimization of negative consequences //International Organization for Migration (IOM) in Kazakhstan - Subregional Coordination Office for Central Asia. Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2019. – [Network access mode].*

– URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru.pdf (Date of access: 19.11. 2023).

7 *Как казахстанцы нелегально живут в Корее.*

– URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mnogie-umirayut-kazahstantsyi-nelegalno-jivut-koree-421217/ (дата обращения: 17.10.2023).

8 *출입국·외국인정책본부 홍보 만족도 조사 실시. 2022– [Network access mode]. – URL: <https://www.immigration.go.kr/immigration/1473/subview.do?enc> (Date of access: 19. 11. 2023).*

9 *Qazaq alliance in Korea. – [Network access mode]. – URL: <https://vm.tiktok.com/ZMFmEg7Lb/> (Date of access: 23.11.2023).*

10 *Korea immigration service statistics. Ministry of Justice, 2018. // [Network access mode]. –URL: <https://www.kostat.go.kr/portal/eng/pressReleases/8/5/index.board?> (Date of access: 29.08. 2023).*

11 Min Ji Kim *The Republic of Korea's Employment Permit System: Background and Rapid Assessment*; International labour Office, Conditions of work and equality Department, Albour Migration Branch. – Geneva: ILO, 2015 (International Migration Papers; No. 119, ISSN: 1020-2668; 1564-4838 (web pdf).

12 «Узбекские трудовые мигранты, работающие в Южной Корее, получат 13-ю зарплату в Узбекистане». [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.ozodlik.org/a/25353090.html> (дата обращения: 22. 10. 2022).

13 Кыргызстанцы получают у нас по \$2 тыс — беседа с корейским послом в КР. [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.sputnik.kg/20190404/southern-korea-posol-intervyu-1043860739.html> (дата обращения: 20.06.2023).

14 В Таджикистане трудовая миграция выросла на третью. [Электронный ресурс]. – URL: <https://tj.sputniknews.ru/20190910/Tajikistan-trudovaya-migratsiya-vyrosla-1029833969.html> (дата обращения: 22. 10. 2022).

15 Проблема нелегальных мигрантов из Казахстана в Корее. [Электронный ресурс]. – URL: <https://koreans.kz/news/problema-nelegalnyh-migrantov-iz-kazahstana-v-koree.html> (дата обращения: 20. 10. 2023).

16 Botagoz RAkisheva *Illegal Immigration of Kazakhstan to South Korea*. - Kazakhstan Council on International Relations (KCIR) – Nur-Sultan, 2020.-s. 60.

17 «Кореядагы менің жалақым. Кореядагы жұмыс 2023» [Электрондық ресурс]. – URL: https://youtu.be/58JvT_EbJJY?si=O1WaONyw6UNXRXv_ (қаралған күні: 05.02.2024)

18 «Уставшие от бедности» Уехавшие в Южную Корею на заработки и их рассказы. [Электронный ресурс]. – URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakh-labour-migrants-in-south-korea/31140303.html> (дата обращения: 22. 10. 2023).

19 Seven Kazakhstanis died in South Korea in six months - RoK MFA // [Network access mode]. – URL: https://www.inform.kz/ru/sem-kazahstantsev-pogibli-v-yuzhnay-koree-za-polgoda-midrk_a3512821 (Date of access: 28. 10. 2022).

20 Briefing of the official representative of the Ministry of Foreign Affairs of Kazakhstan A.S. Smadiyarova, Nur-Sultan, February 27, 2020 // [Network access mode]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/brifing-> (Date of access: 28. 11. 2023).

21 Тенденция современной трудовой миграции в Центральной Азии. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cabar.asia/ru/tendentsii-sovremennoj-trudovoj-migratsii-v-tsentralnoj-azii> (дата обращения: 21.10. 2022).

22 oxussociety.org *Introducing the Central Asia migration tracker*. [Network access mode]. – URL: <https://oxussociety.org/introducing-the-central-asia-migration-tracker/> (Date of access: 18.07. 2023).

23 «Я нелегально работаю в Корее»: Три анонимные истории казахстанцев. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.the-village-kz.com/village/people/howtobe/4621-mama-ya-v-koree> (дата обращения: 21.03. 2023).

24 Казахстанцы оказались по числу групповой нелегальной гастербайтеров в Южной Корее. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kaztag.kz/ru/news/kazakhstantsy-okazalis-sedmoy-po-chislу-gruppoj-nelegalnykh-> (дата обращения: 17. 10. 2023).

References:

1. *Migration profile of the Republic of Korea. The IOM Migration Research and Training Centre*. January 2012. – [Network access mode]. – URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/mp_korea.pdf (Date of access: 18.10.2023).

2 *International Migration Statistics in 2022*. – [Network access mode]. – URL: <https://worldmigrationreport.iom.int/wmr-2022-interactive/> (Date of access: 20.10.2023).

3 [전국] 불길 속 이웃 구한 알리씨 '의상자' 인정... «이 달 중 영주권 신청. – [Network access mode]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=vnaYcbbpkQQ> (Date of access: 19.11. 2023)

4 chosun.com 화마서 한국인 10명 구한 불법체류자 추방 안된다" 靑 청원 잇따라 – 조선일보 – [Network access mode].- URL: https://www.chosun.com/site/data/html_dir/2020/04/21/2020042104300.html (Date of access: 19.11.2023)

5 Alimshoh Mekhrzoda Rabota v Koree: bez patenta i zarplata \$90 v den' // [Elektronnyj resurs]. – URL: [6 *External youth migration in Central Asian states: risk analysis and minimization of negative consequences* //International Organization for Migration \(IOM\) in Kazakhstan - Subregional Coordination Office for Central Asia. Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President](https://asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/society/20221018/rabota-bez-patenta-i-zarplata-90-v-den(data obrashcheniya 21. 10. 2023).</p></div><div data-bbox=)

of the Republic of Kazakhstan, 2019. – [Network access mode]. – URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru.pdf (Date of access: 19.11. 2023).

7 Kak kazahstancy nelegalno zhivut v Koree. – URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mnogie-umirayut-kazahstantsyi-nelegalno-jivut-koree-421217/\(data_obra什cheniya: 17.10.2023\).](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mnogie-umirayut-kazahstantsyi-nelegalno-jivut-koree-421217/(data_obra什cheniya: 17.10.2023).)

8 출입국·외국인정책본부 홍보 만족도 조사 실사]. 2022– [Network access mode]. – URL: <https://www.immigration.go.kr/immigration/1473/subview.do?enc> (Date of access: 19. 11. 2023).

9 Qazaq alliance in Korea. – [Network access mode]. – URL: <https://vm.tiktok.com/ZMFmEg7Lb/> (Date of access: 23.11.2023).

10 . Korea immigration service statistics. Ministry of Justice, 2018. // [Network access mode]. – URL: <https://www.kostat.go.kr/portal/eng/pressReleases/8/5/index.board?> (Date of access: 29.08. 2023).

11 Min Ji Kim The Republic of Korea's Employment Permit System: Background and Rapid Assesment; International labour Office, Conditions of work and equality Department, Albour Migration Branch. – Geneva: ILO, 2015 (International Migration Papers; No. 119, ISSN: 1020-2668; 1564-4838 (web pdf).

12 «Uzbekkie trudovye migrancy, rabotayushchie v Yuzhnoj Koree, poluchat 13-yu zarplatu v Uzbeksitane». [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://www.ozodlik.org/a/25353090.html> <https://www.ozodlik.org/amp/25353090.html>. (data obrashcheniya: 22. 10. 2022).

13 Kyrgyzstancy poluchayut u nas po \$2 tys — beseda s korejskim poslom v KR. [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://ru.sputnik.kg/20190404/southern-korea-posol-intervyu-1043860739.html> (data obrashcheniya: 20.06.2023).

14 VTadzhikistane trudovaya migraciya vyrosla na tret. [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://tj.sputniknews.ru/20190910/Tajikistan-trudovaya-migratsiya-vyrosla-1029833969.html> (data obrashcheniya: 22. 10. 2022).

15 Problema nelegal'nyh migrantov iz Kazahstana v Koree.[Elektronnyj resurs]. – URL: <https://koreans.kz/news/problema-nelegalnyh-migrantov-iz-kazahstana-v-koree.html> (data obrashcheniya: 20. 10. 2023).

16 Botagoz Rakisheva Illegal Immigration of Kazakhstan to South Korea.- Kazakhstan Council on International Relations (KCIR) – Nur-Sultan, 2020.-s. 60.

17 «Koreyadagy menin zhalaqym. Koreyadagy zhumys 2023» [Elektronnyj resurs]. – URL: https://youtu.be/58JvT_EbJJY?si=O1WaONyw6UNXRXv_ (qaralgan kuni: 05.02.2024)

18 «Ustavshie ot bednosti» Uekhavzhie v Yuzhnuyu Koreyu na zarabotki i ih rasskazy. [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakh-labour-migrants-in-south-korea/31140303.html> (data obrashcheniya: 22. 10. 2023).

19 Seven Kazakhstanis died in South Korea in six months - RoK MFA // [Network access mode]. – URL: https://www.inform.kz/ru/sem-kazahstantsev-pogibli-v-yuzhnoy-koree-za-polgodamidrak_a3512821 (Date of access: 28. 10. 2022).

20 Briefing of the official representative of the Ministry of Foreign Affairs of Kazakhstan A.S. Smadiyarova, Nur-Sultan, February 27, 2020 // [Network access mode]. –URL:<https://www.gov.kz/memlekет/entities/mfa/press/news/details/briefing-> (Date of access: 28. 11. 2023).

21. Tendenciya sovremennoj trudovoj migracii v Central'noj Azii. [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://cabar.asia/ru/tendentsii-sovremennoj-trudovoj-migratsii-v-tsentralnoj-azii> (data obrashcheniya: 21.10. 2022).

22 oxussociety.org Introducing the Central Asia migration tracker. [Network access mode]. – URL: <https://oxussociety.org/introducing-the-central-asia-migration-tracker/> (Date of access: 18.07. 2023).

23 «Ya nelegalno rabotayu v Koree»: Tri anonimnye istorii kazahstancev. [Elektronnyj resurs]. – URL <https://www.the-village-kz.com/village/people/howtobe/4621-mama-ya-v-koree>(data obrashcheniya: 21.03. 2023).

24 Kazahstancy okazalis po chislu gruppovoj nelegalnyh gasterbajterov v Yuzhnoj Koree. [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://kaztag.kz/ru/news/kazakhstantsy-okazalis-sedmoy-po-chislu-gruppoy-nelegalnykh-> (data obrashcheniya: 17. 10. 2023).